

шығармашылық белсенділік балалардың қызығушылығын, өзін-өзі тануға және өз таланттарын ашуға деген ұмтылысын тудырады. Кіші мектеп оқушылары мұғалімнің жетекшілігімен барлық іс-шараларға қатысуға дайын тұрады. Міндетті оқу іс-әрекетінен айырмашылығы, сыныптан тыс жұмыстар ерікті негізде құрылады. Сабақтан тыс жұмыстар қатаң реттіліктің болмауымен ерекшеленеді, олар сабақтан тыс уақытта, көбінесе таныс оқу бөлмелерінен тыс, мектеп сабағының қатаң анықталған формасынан өзгеше еркін түрде өткізіледі. Сабақтан тыс жұмыстардың еркін формасы, оның көп бағыттылығы және шығармашылық әлеуеті бастауыш мектеп жасындағы балалардың әлеуметтік және адамгершілік тәрбиесін тиімді жүзеге асыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Астана, 2018 ж., 31.10.2018 No 604.
2. С. Қалиұлы. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы, 2003.
3. Е.Ю.Рябова, Внеурочная деятельность как средство развития личности младших школьников [Текст] / Е.Ю. Рябова // Перспективы развития научных исследований : сб. тр. науч. конф. – Нефтекамск : Мир науки, 2016. – С.131-134.
4. З.И. Смородинова, Развитие социальной компетентности младшего школьника [Текст] / З.И. Смородинова // Научный альманах. – 71 4. Калинина, Е.А. Развитие социального опыта во внеурочной деятельности младших школьников [Текст] / Е.А. Калинина // Наука и социум : сб. тр. науч. конф. – Новосибирск : СИПСР, 2017. – С.73-75.
5. П. И. Пидкасистый. Самостоятельная деятельность учащихся: Дидактический анализ процесса и структуры воспроизведения и творчества / П. И. Пидкасистый . — М. : Педагогика, 1972 . — 183 с.
6. Л.А. Родионова. Социально-коммуникативное развитие младших школьников как одно из приоритетных направлений образования детей [Текст] / Л.А. Родионова, С.В. Пазухина. // Аспекты и тенденции педагогической науки : материалы III Междунар. науч. конф. Санкт-Петербург, декабрь 2017 г. – СПб. : Свое издательство, 2017. – С.63-65.

ӘОЖ 37.012

<https://doi.org/10.53355/p8066-5070-2618-b>

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУ МЕН ОҚЫТУДА ЗАМАНАУИ САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Сапабекова Д.Қ., «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 4-курс студенті

Оспанбекова М.Н., философия докторы (PhD)

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Арқалық қ.

E-mail: Meirgul1976@mail.ru, Sapabekova00@bk.ru

Мақалада Қазақстан Республикасының білім беру саласын дамытуға арналған мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттар негізге алынып, қарастырылып отырған мәселелерге бойынша жазылған ғылыми еңбектерге талдау жасалған. Бастауыш сыныпта оқу мен оқытуда заманауи сандық технологияларды қолдану мәселесі қарастырылған.

Тірек сөздер: сандық технология, бастауыш білім беру, жаңартылған білім беру бағдарламасы.

В статье проанализированы научные работы по рассматриваемым вопросам на основе государственного регулирования развития образования в Республике Казахстан. Рассмотрено использование современных цифровых технологий в преподавании и обучении в начальной школе.

Ключевые слова: цифровые технологии, начальное образование, обновленная образовательная программа.

The article analyzes scientific works on the issues under consideration on the basis of state regulation of the development of education in the Republic of Kazakhstan. The use of modern digital technologies in teaching and learning in elementary school is considered.

Key words: digital technologies, primary education, updated educational program.

Қазіргі білім беру жүйесінде басты талап ақпараттық коммуникациялық технологиялардың көмегімен білім беру жүйесіне өзгеріс енгізу. Сандық білім беру ресурстары білім беру мазмұнын анықтайтын электрондық оқыту жүйесі компоненттерінің бірі болып табылады. Білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін, оқу процесінде өскелең ұрпақтың сандық білім беру ресурстарын белсенді қолдануы жаңартылған білім беру бағдарламасының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтармен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп көрсетілген [1].

«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының адами капиталды дамыту бағытында: 3-4 сыныптарда оқуда және күнделікті өмірде ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану үшін заманауи ақпараттық технологиялармен жұмыс істеудің жалпы базалық білімдерін қалыптастыратын «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні енгізіледі, – деп көрсетілген және ол пән қазіргі білім беру процесінде қолданыста бар [2].

Осы мақсатта сандық білім беру ресурстары жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес нақты оқу тақырыптарына арналған дидактикалық материалдар болып табылады. Бағдарламадағы оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын дамытуға бағытталған оқу мақсаттары да осы сандық білім беру ресурстарын жүзеге асыратын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен жүзеге асырылады. Елімізде 2018-2022 жылға арналған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарламаның негізгі міндеттерінің бірі орта, техникалық, кәсіби, жоғары білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыруға бағытталған.

Ғылымда «цифрландыру» ұғымына берілетін анықтамалар қызмет салаларының мазмұнына қарай әртүрлі түсіндіріледі. «Цифрландыру» ұғымы көбінесе қызметтің ерекшеліктеріне (экономистер, менеджерлер, IT мамандары, білім берушілер мен білім алушылар және т.б.) сәйкес мағыналық өзгерістерге ұшырайды. Терминнің мағынасын дұрыс пайдалану үшін «цифрландыру» ұғымын басқа да ұғымдармен, мысалы, «цифрлық білім», «цифрлық оқыту», «цифрлық білім беру ортасы» сияқты түсініктермен тығыз байланыстыру қажет. «Цифрлық білім» термині әдетте, әртүрлі білім беру контекстінде компьютерлік құралдар мен ақпараттық технологияларды қолдану деген ұғымда қолданылып жүр.

Қазіргі кезде сандық білім беру құралдары білім беруші мен білім алушының шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік туғызып отыр. Оқу мен оқытуда бейнефильм, мультимедиялық презентация, анимациялық суреттер және т.б. көрнекілік құралдар кеңінен қолданылады.

Сандық білім беру ресурсының мазмұнына ақпарат алу блогы, яғни ғылыми мақалалар, мәтіндер, оқулықтағы мәтіндерден үзінді, иллюстрациялар, анимациялар және тағы да басқа мультимедиялық құрылымдар, мультимедиялық презентациялар жатады. Сонымен қатар виртуалды галерея (видеофрагменттер, анимация, шынайы иллюстрациялық суреттер, дыбыстық объектілер) мен виртуалды зертханалар (интерактивті модельдер, интерактивті анимациялар, виртуалды зертхана) енеді.

Білім беру процесіндегі сандық құралдар – білім беру процесін басқару, оқу процесін ұйымдастыру, оқу материалын ұсыну, кәсіби іс-әрекеттерді тіркеу, жетістіктерді сандық форматта есепке алуға арналған бағдарламалық өнімдер.

Оқу мен оқытуда қолданылатын сандық білім беру ресурстарына анықтамалық материалдар (графиктер және диаграммалар) мен дереккөздерден алынатын ақпараттар (ғылыми деректер, сілтемелер, терминдер, анықтамалар сөздігі, т.с.с.).

Қазіргі кезде еліміздегі білім саласының әртүрлі деңгейлерінде сандық білім беру процесі бастауыш мектептен университетке дейін жүйелі түрде жолға қойылған. Орта мектепке арналған сандық құралдар ретінде жұмыс істейтін kundelik.kz порталында мектеп мұғалімдері журналдарын электронды түрде толтырады, ата-аналар балаларының оқу жетістіктерін, сабақ кестесін, күнделікті үй тапсырмасы туралы ақпаратты күнделікті бақылап отырады. Порталға кіру мобильдік құралдар арқылы да қол жетімді деңгейде жасалған.


Бастауыш сыныптарда сандық білім беру ресурстары арқылы жүзеге асатын материалдар диалог, әңгімелер, қысқа қойылым және қысқа метражды фильмдер, тестік тапсырмалар түрінде де көрініс табады. Мысалы, «Пирамида», «Стоп кадр» стратегиялары да сандық білім беру ресурстарын қолдануға негізделген. «Стоп кадр» стратегиясы арқылы оқу материалдарының мазмұнын ашатын кез келген ертегі, фильмдерді монтаждау арқылы оқушыларға үзінділер көрсетіледі. Ары қарай не болуы мүмкін екендігін оқушылар болжайды. Сыныпта, топта талқылаулар жасау арқылы, өзін өзі дамытады, жетілдіреді, бағыттайды, бағалайды. «Пирамида» стратегиясы негізінде оқушыларға аудио үнтаспадан мәтін тыңдатылып, стратегия мазмұнына құрылған қадамдар бойынша іздену жұмыстарын жүргізуге, сол арқылы мәтіндегі негізі ойды түсініп, ой қорыту жасауға үйретеді.

Мысалы, 2-сыныптың «Қазақ тілі» оқулығының оқыту әдістемесінде «Стоп-кадр» стратегиясын сабақта қолдану әдістемесі қысқа мерзімді жоспарда төмендегідей үлгіде берілген (сурет-1) [3].

I	4 минут	2.2.4.1 (МК; Ө; Қ) Мәтіннің тақырыбымен негізгі ойды анықтай алу білігін бағалау. 37-жаттығу. Мәтін аудио үнтаспадан тыңдатылады. Мәтін кім жайында айтылғанын анықтайды. Қожа туралы тағы не білетінін айтады. Мәтінге ат қояды. Қожаның өмірбаянын өздеріне жалғастыртады.	Оқулық Аудио үнтаспа «Атамұра», 2017. 26-сабақ
	6 минут	(МК; Ұ; Қ) Бөліктерге бөлінген фильмнен үзінді көру. Өр бөліктен кейін берілген сұрақтарға өз көзқарастарын білдіру. «Стоп кадр» стратегиясы бойынша оқушылардың сыни ойлауын, оқу рефлексиясын дамыту мақсатында, https://www.youtube.com сайтынан алынған «Менің атым Қожа» фильмнен үзінді көрсетіледі. Фильмді 5 бөлікке бөліп 1-2 минуттық монтаж жасалады. Алдымен оқушылар фильмнен үзінді көреді. Ары қарай әр үзіндіден кейін берілген сұрақтарға жауап береді. Сұрақтар: 1. Қай фильмнен үзінді? Кімнің шығармасы? 2. Қожа қандай бала? 3. Қожа қандай қателік жасады? 4. Қожаға қандай үкім шығарды? 5. Қожа алдына қандай мақсат қойды?	https://www.youtube.com «Менің атым Қожа» фильмі

Сурет 1–Қысқа мерзімді жоспар. «Стоп-кадр» стратегиясының сабақта қолдану әдістемесі

Бастауыш сыныптарда тестік тапсырмаларды да сандық білім беру ресурстары негізінде жүзеге асырған тиімді тәсілдердің бірі болып табылады. Оны сандық білім беру ресурстары арқылы оқу сабақтарында қолдану уақытты үнемдеп, оқушылардың сабақтан игерген білімдерінің деңгейіне бақылау жасауына ықпал етеді. Бастауыш мектептегі сандық білім беру ресурстары арқылы жүзеге асырылатын тест түрлеріне: баламалы, дұрыс тізбекті орнату, сәйкестендіру және дұрыс жауабын таңдау тестерін жатқызуға болады. Бұл тапсырмаларды «easyQuizzy» тест құрастырушыларының үлгісімен жүзеге асыру өте тиімді. 2-суретте мысал ретінде сәйкестендіру тестінің үлгісі берілген.



Сурет 2 – Сәйкестендіру тесті

Қорыта келе, оқу мен оқытуда сандық білім беру ресурстарына бағытталған әдіс-тәсілдерді оқушылардың физиологиялық, психологиялық, педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып іріктей алуға үйренуіміз керек. Ал, сандық білім беру ресурстары негізінде оқушылардың оқу сапасын дамытуда төмендегідей мүмкіндіктерге қол жеткізуге болады:

- түрлі ақпараттық, бейнелік, дыбыстық, нұсқаулық үлгіде берілген жаттығулар мен тапсырмалар және дереккөздермен жұмыс жасау арқылы оқушының білімі жан-жақты жетіледі;
- өздігінен жұмыс жасауға ұсынылған тапсырмалар мен жаттығуларды орындау арқылы ойлау, есте сақтау, өз іс әрекетіне талдау, ой қорытынды жасау, баға беру сынды сапалық қасиеттері дамиды;
- өз ойын сызба, сурет, кескіндеме, кесте, графиктік модельдер түрінде жеткізе алады;
- оқушылардың білім деңгейін анықтауға бағытталған түрлі деңгейдегі тест тапсырмаларын орындау арқылы оқушы өзінің игерген білімін тексереді.

Ойымызды қорыта келе, оқу мен оқыту процесінде дидактикалық талаптарға сәйкес сандық білім ресурстарын жүзеге асыруда оқушылардың жеке және жас жас ерекшеліктерін ескере отырып, қолданылатын ресурстарды оқу бағдарламасы мен оқулықтың мазмұнына сай іріктеп, оқытудың заманауи формаларына негіздеп, оқытуды интерактивтілік және мультимедиялық тұрғыдан қамтамасыз етіп, оқытуды саралау және даралау мүмкіндігін қамтамасыз етіп, олардың пән бойынша алған білім, білік, дағдылары негізінде мәселелерді шешуде өмірлік тәжірибе қалыптастырға бағытталған оқыту түрлерін ұсыну керек. Сонымен қатар, топтық және жұптық, жеке жұмыс формаларын ұйымдастырып, оқулықта берілген білім мазмұнын ашатын және толықтыратын шынайы ақпараттарға сүйеніп, әдістемелік тұрғыдан оқу мақсаттарына сай болғанда ғана қолдану қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда. <http://online.zakon.kz>.
2. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысы. [Электрондық ресурс] кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/>
3. Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. 1-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 2-сынып мұғалімдеріне арналған. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған /Ә.Е.Жұмабаева, М.Н.Оспанбекова. – Алматы: «Атамұра», 2017. – 176 б.